**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ**

**ПРАВИТЕЛЬСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

2019 жылғы 18 сәуір  
№ 11-8/270 зп

Астана, Үкімет Үйі

от «____» __________ 201__ года  
№__________

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарарда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.
0010401 *

**Қазақстан Республикасы**
**Парламентінің Мәжілісі**

*2019 жылғы 31 қаңтардағы № 8-5-59 хатқа*

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің бастамасымен әзірленген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттарының түзетулеріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорытындысы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің бастамасымен әзірленген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына (бұдан әрі – заң жобасы) Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының түзетулерін қарап, мынаны хабарлаймыз.

Депутаттардың түзетулері Қазақстан Республикасы Конституцияның ережелеріне және қолданыстағы заңнамалық актілеріне қайшы келмейді, теріс әлеуметтік-экономикалық салдарларға алып келмейді.

*№ 1 салыстырмалы кесте бойынша.*

*Салыстырмалы кестенің 1-тармағы бойынша.*

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) «Шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату» 65-бабының екінші бөлігіне өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне қарсы қылмыстар үшін шынайы өкінушілікке байланысты қылмыстық жауапкершіліктен босатуды қарастырмауға қатысты түзетуді қолдамаймыз.

ҚК 65-бабы осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында арнайы көзделген жағдайларды қоспағанда, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыс, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс, азаптаулар, жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ АППАРАТЫ
916-I/II-8/270 зп/8-5-59
2019 ж. 18 04

Осыған орай, салыстырмалы талдау және сот-тергеу практикасына зерделеу жүргізілмей, ҚК 65-бабына ұсынылып отырған толықтыруларды енгізу асығыстық, себебі қылмыстық процеске тартылған азаматтар құқығының елеулі түрде тарылуына әкеледі, сондай-ақ қолданылу практикасын ескере отырып қоғамдық қауіппен бірге, белгілі бір қылмыстар бойынша ғана шектеледі.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 36-бабына сәйкес ҚК-нің 65-бабы бойынша шынайы өкінуге байланысты адамды қылмыстық жауапкершіліктен босату – бұл қылмыстық қудалау органының, соттың құқығы, міндеті емес.

*Салыстырмалы кестенің 2-тармағы бойынша.*

Қылмыстық кодекстің 335-бабына балық ресурстарын, басқа да су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз алғаны үшін жауапкершілікті күшейту бойынша түзетуге бапты мынадай редакцияда жазғанда ішінара қолдау білдіріледі:

«335-бап. Балық ресурстарын, басқа да су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз алу

1. Балық ресурстарын, басқа да су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз алу, егер бұл іс-әрекет:

1) айтарлықтай залал келтіре отырып;

2) жарылғыш немесе химиялық заттар, электр тоғы не балық ресурстарын және басқа да су жануарлары мен өсімдіктерін жаппай жоюдың өзге де тәсілдері қолданыла отырып жасалса –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, мүлкі тәркіленіп, бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға не шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жіберуге жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекет –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, мүлкі тәркіленіп, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға не шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жіберуге жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

1) жануарлардың сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлеріне, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған жануарларға, оның ішінде балықтардың бекіре тұқымдас түрлеріне қатысты;

2) уылдырық шашатын орындарда, басқа да су жануарларының көбею орындарында немесе ол жерлерге өріс аудару жолдарында;

3) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып;

4) адамдар тобының;

5) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

6) өздігінен жүретін жүзгіш көлік құралы пайдаланылып;

7) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда және төтенше экологиялық ахуал аумақтарында жасалған іс-әрекеттер –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, мүлкі тәркіленіп, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген, ірі залал келтіре отырып жасалған не қылмыстық топ жасаған іс-әрекеттер, –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, мүлкі тәркіленіп, екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.».

*Салыстырмалы кестенің 3-тармағы бойынша.*

Қылмыстық кодекстің 336-бабына балық қорларын қорғау қағидаларын бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейту бойынша түзетуді бап мынадай редакцияда жазылғанда ішінара қолдаймыз:

«336-бап. Балық қорларын қорғау қағидаларын бұзу

Көпірлер, бөгетшелер салу, жарылыс немесе өзге де жұмыстарды жүзеге асыру, су жинағыш құрылыстарды немесе су айдағыш механизмдерді пайдалану кезінде балық қорларын қорғау қағидаларын бұзу, егер бұл іс-әрекет балықтардың немесе басқа да су жануарларының жаппай қырылуына әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса, –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, мүлкі тәркіленіп, бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға не шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жіберуге жазаланады.».

*Салыстырмалы кестенің 4-тармағы бойынша.*

Қылмыстық кодекстің 337-бабына заңсыз аңшылық үшін жауапкершілікті күшейту бойынша түзетуді бап мынадай редакцияда жазылғанда ішінара қолдаймыз:

«337-бап. Заңсыз аңшылық

1. Айтарлықтай залал келтіре отырып Заңсыз аң аулау, оның ішінде атыс, пневматикалық, лақтырылатын, суық қаруды, басқа да олжалау қарулары түрлерін, иттерді, аушы жыртқыш құстарды, салт атты, көлік-арбаны қолданып заңсыз аң аулау, егер бұл іс-әрекет айтарлықтай залал келтіре отырып жасалса, сол сияқты жарылғыш құрылғыларды немесе жануарларды жаппай қырып-жоятын өзге де құралдарды, авиа-, авто-, мотокөлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы не шағын көлемді кемелерді қолданып заңсыз аң аулау –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, мүлкі тәркіленіп бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға не шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жіберуге жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, бірнеше рет жасалған заңсыз аң аулау –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, мүлкі тәркіленіп, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға не шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жіберуге жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

1) адамдар тобы тарапынан, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда немесе төтенше экологиялық ахуал аумақтарында;

3) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған жануарларға қатысты;

4) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып;

5) ірі залал келтіре отырып жасалған заңсыз аң аулау –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, мүлкі тәркіленіп бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген:

1) қылмыстық топ жасаған;

2) аса ірі залал келтіре отырып жасалған заңсыз аң аулау –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, мүлкі тәркіленіп үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.».

*Салыстырмалы кестенің 5-тармағы бойынша.*

Қылмыстық кодекстің 339-бабына өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған түрлерімен, олардың бөліктерімен немесе дериваттарымен заңсыз айналысқаны үшін жауапкершілікті күшейту бойынша түзетуді бап мынадай редакцияда жазылғанда ішінара қолдаймыз:

339-бап. Өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған түрлерімен, олардың бөліктерімен немесе дериваттарымен заңсыз айналысу

1. Өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған өсімдіктерді немесе жануарларды, олардың бөліктерін немесе дериваттарын заңсыз алу, иемдену, сақтау, өткізу, әкелу, әкету, салып жіберу, тасымалдау немесе жою, сол сияқты олардың мекендейтін жерлерін жою –

мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

*Салыстырмалы кестенің 6-тармағы бойынша.*

Қылмыстық кодекстің 340-бабына ағаштар мен бұталарды заңсыз кескені, жойғаны немесе зақымдағаны үшін жауапкершілікті күшейту бойынша түзетуге бапты мынадай редакцияда жазғанда ішінара қолдау білдіріледі:

340-бап. Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау

1. Айтарлықтай залал келтіре отырып, үй маңындағы, саяжай мен бау-бақша учаскелеріндегі ағаштар мен бұталардан басқа, орман қорына кірмейтін және кесуге тыйым салынған ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау, сол сияқты орман дақылдарын, орман питомниктері мен плантацияларындағы егілген не отырғызылған көшеттерді, сондай-ақ ормандарды молықтыру мен орман өсіруге арналған алаңдарда өзі өсіп шыққан шыбықтарды, өскіндерді не қолдан отырғызылған екпелерді жою немесе зақымдау –

мүлкі тәркіленіп, бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға не шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жіберуге жазаланады.

2. Айтарлықтай залал келтіре отырып, орман қорына кіретін ағаштарды және бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау –

мүлкі тәркіленіп, бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға не шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жіберуге жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

1) бірнеше рет;

2) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып;

3) ірі залал келтіре отырып;

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған іс-әрекеттер –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, мүлкі тәркіленіп, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға не шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жіберуге жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген, қылмыстық топ жасаған іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп, екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.».

*Салыстырмалы кестенің 7-тармағы бойынша.*

Қылмыстық кодекстің 341-бабына ормандарды жою немесе зақымдау үшін жауаптылықты күшейту бойынша түзетуді бап мынадай редакцияда жазылғанда ішінара қолдаймыз:

«341-бап. Ормандарды жою немесе зақымдау

1. Үй маңындағы, саяжай мен бау-бақша учаскелеріндегі ағаштар мен бұталардан басқа, орман қорына кіретін және кірмейтін ағаштар мен бұталарды отты немесе өзге де қауіптілігі жоғары көздерді ұқыпсыз қолдану салдарынан жою немесе зақымдау, егер бұл іс-әрекет ірі залал келтірсе –

мүлкі тәркіленіп, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Үй маңындағы, саяжай мен бау-бақша учаскелеріндегі ағаштар мен бұталардан басқа, орман қорына кіретін және кірмейтін ағаштар мен бұталарды өрт қою жолымен немесе өзге де жалпыға бірдей қауіпті тәсілмен не зиянды заттармен, қалдықтармен, шығарындылармен немесе қоқыстармен ластау салдарынан жасалған қасақана жою немесе зақымдау –

мүлкі тәркіленіп, үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.».

*Салыстырмалы кестенің 8-тармағы бойынша.*

Қылмыстық кодекстің 342-бабына ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейту бойынша түзетуді бап мынадай редакцияда жазылғанда ішінара қолдаймыз:

«342-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзу

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін айтарлықтай залал келтіруге әкеп соққан бұзу –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, мүлкі тәркіленіп, бір жүз жиырма дейінгі айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін айтарлықтай залал келтіруге әкеп соққан қасақана зақымдау немесе жою –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға не шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жіберуге жазаланады.».

Қылмыстық кодекстің 335, 337 және 339-баптарының диспозициялары мен санкцияларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты Қылмыстық кодекстің 3-бабына және Қылмыстық-процестік кодекстің 187 және 191-баптарына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет:

- Қылмыстық кодекстің 3-бабының 3) тармақшасында «324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333, 334, 337 және 343-баптарда – қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі;» деген сөздер «324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333, 334, 335, 337, 339 (үшінші бөлігі) және 343-баптарда – қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі;» деген сөздермен ауыстырылсын;

- Қылмыстық кодекстің 3-бабының 38) тармақшасында «324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333, 334, 335, 337, 338, 340, 341 және 343-баптарда – қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың бір мың айлық есептік

көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі;» деген сөздер «324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333, 334, 335, 337, 338, 339 (екінші бөлігі), 340 (үшінші бөлігі), 341 және 343-баптарда –қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі;» деген сөздермен ауыстырылсын;

- Қылмыстық-процестік кодекстің 187-бабының екінші бөлігінде «335 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 337 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 338, 340 (төртінші бөлігінде)» деген сөздер «335 (екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 337 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 338, 339, 340 (үшінші және төртінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;»;

- Қылмыстық-процестік кодекстің 191-бабының екінші бөлігінде «337 (үшінші бөлігінде), 339» деген сөздер алып тасталсын;»;

- Қылмыстық-процестік кодекстің 191-бабының он алтыншы бөлігінде «335 (бірінші және екінші бөліктерінде)» деген сөздер «335 (бірінші бөлігінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;»;

- Қылмыстық-процестік кодекстің 191-бабының жиырма үшінші бөлігінде «337 (бірінші және екінші бөліктерінде)» деген сөздерден кейін «340 (бірінші және екінші бөліктерінде)» деген сөздермен толықтырылсын.».

*№ 2 Салыстырма кестенің 1, 2, 3 және 4-тармақтары бойынша*

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңына, сондай-ақ Заң жобасының 2-бабына агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органдардың облигациялық қарыздар бойынша купондық сыйақыны субсидиялауға қатысты құзыретін енгізуді көздейтін, оның ішінде «ҚазАгро» ҰБХ» Заң қолданысқа енгізілетін күнге дейін шығарған облигацияларға купондық сыйақыны субсидиялау бойынша норманы тарату бөлігіндегі түзетулерді енгізуді қолдаймыз.

Мемлекеттік бюджеттің осы түзетулер бойынша қосымша шығыстары Республикалық бюджет комиссиясының 2019 жылғы 12 ақпандағы № 2 шешіміне сәйкес қолдау тапты.

Баяндалғанның негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы қорытындысын ескере отырып, заң жобасын Парламент Мәжілісінде одан әрі қарауға болады деп есептейміз.

**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі** **А. Мамин**

Орынд.: Сәрсенбаев Е.Қ.
Тел.: 750027

| ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ | | ПРАВИТЕЛЬСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН |
|---|---|---|
| 201__ жылғы ______________ | Астана, Үкімет Үйі | от «18» апреля 2019 года |
| № ______________ | | № 11-8/270 зп |

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтаруда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.
0010402 *

**Мажилис Парламента**
**Республики Казахстан**

*На № 8-5-59 от 31 января 2019 года*

**Заключение**
**Правительства Республики Казахстан**
**на поправки депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан к проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республикн Казахстан по вопросам регулнровання агропромышленного комплекса», инициированному Правнтельством Республики Казахстан**

Рассмотрев поправки депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан к проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования агропромышленного комплекса», инициированному Правительством Республики Казахстан (далее – законопроект), сообщаем следующее.

Поправки депутатов не противоречат положениям Конституции и действующих законодательных актов Республики Казахстан, не повлекут отрицательных социально-экономических последствий.

*По сравнительной таблице №1.*

*По пункту 1 сравнительной таблицы.*

Поправка в часть вторую статьи 65 «Освобождение от уголовной ответственности в связи с деятельным раскаянием» Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК), касательно невозможности освобождения от уголовной ответственности в связи с деятельным раскаянием при совершении преступлений против растительного и животного мира не поддерживается.

Статья 65 УК не распространяется на лиц, совершивших террористическое преступление, экстремистское преступление, преступление,

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ АППАРАТЫ
Кіріс 916-1// 11-8/270зп/8-5-59
2019 ж. «18» 04
0010402 *
ИПЦ Зак. № 310. 23.06.2014 г.

совершенное в составе преступной группы, преступление против половой неприкосновенности несовершеннолетних, пытки, тяжкое или особо тяжкое преступление против личности, за исключением случаев, специально предусмотренных соответствующими статьями Особенной части УК.

В этой связи, без проведения сравнительного анализа и изучения судебно-следственной практики, внесение предлагаемых дополнений в статью 65 УК будет преждевременным, поскольку влечет значительное уменьшение прав граждан, вовлеченных в уголовный процесс, а также с учетом практики применения ограничено лишь по определенным преступлениям, с учетом общественной опасности.

Кроме того, в соответствии со статьей 36 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее – УПК), по статье 65 УК освобождение лица от уголовной ответственности, в связи с деятельным раскаянием, это право органа уголовного преследования, суда, а не обязанность.

*По пункту 2 сравнительной таблицы.*

Поправка в статью 335 УК в части ужесточения ответственности за незаконную добычу рыбных ресурсов, других водных животных или растений поддерживается частично с изложением статьи в следующей редакции:

«Статья 335. Незаконная добыча рыбных ресурсов, других водных животных или растений

1. Незаконная добыча рыбных ресурсов, других водных животных или растений, если это деяние совершено:

1) с причинением значительного ущерба;

2) с применением взрывчатых или химических веществ, электротока либо иных способов массового истребления рыбных ресурсов и других водных животных и растений, –

наказывается штрафом в размере до ста шестидесяти месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до ста шестидесяти часов, либо арестом на срок до сорока суток, либо выдворением за пределы Республики Казахстан иностранца или лица без гражданства сроком на пять лет, с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до трех лет, с конфискацией имущества.

2. То же деяние, совершенное неоднократно, –

наказывается штрафом в размере до двухсот месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до двухсот часов, либо арестом на срок до пятидесяти суток, либо выдворением за пределы Республики Казахстан иностранца или лица без гражданства сроком на пять лет, с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до трех лет, с конфискацией имущества.

3. Деяния, предусмотренные частями первой или второй настоящей статьи, совершенные:

1) в отношении редких и находящихся под угрозой исчезновения видов животных, а также животных, на которых введен запрет на пользование, в том числе осетровых видов рыб;

2) на нерестилищах, местах размножения других водных животных или на миграционных путях к ним;

3) лицом с использованием своего служебного положения;

4) группой лиц;

5) группой лиц по предварительному сговору;

6) с применением самоходного транспортного плавающего средства;

7) на особо охраняемых природных территориях и на территориях с чрезвычайной экологической ситуацией, –

наказываются штрафом в размере до двух тысяч месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до шестисот часов, либо ограничением свободы на срок до двух лет, либо лишением свободы на тот же срок, с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до трех лет, с конфискацией имущества.

4. Деяния, предусмотренные частями первой, второй или третьей настоящей статьи, совершенные с причинением крупного ущерба либо преступной группой, –

наказываются лишением свободы на срок от двух до пяти лет с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до трех лет, с конфискацией имущества.».

*По пункту 3 сравнительной таблицы.*

Поправка в статью 336 УК в части ужесточения ответственности за нарушение правил охраны рыбных запасов поддерживается частично с изложением статьи в следующей редакции:

«Статья 336. Нарушение правил охраны рыбных запасов

Нарушение правил охраны рыбных запасов при строительстве мостов, дамб, осуществлении взрывных или иных работ, эксплуатации водозаборных сооружений или перекачивающих механизмов, если это деяние повлекло или могло повлечь массовую гибель рыбы или других водных животных, –

наказывается штрафом в размере до ста шестидесяти месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до ста шестидесяти часов, либо арестом на срок до сорока суток, либо выдворением за пределы Республики Казахстан иностранца или лица без гражданства сроком на пять лет, с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до двух лет или без такового.».

*По пункту 4 сравнительной таблицы.*

Поправка в статью 337 УК в части ужесточения ответственности за незаконную охоту, поддерживается частично с изложением статьи в следующей редакции:

«Статья 337. Незаконная охота

1. Незаконная охота, в том числе с применением огнестрельного, пневматического, метательного, холодного оружия, других видов орудий добывания, собак, ловчих хищных птиц, верхового, гужевого транспорта, если это деяние совершено с причинением значительного ущерба, а равно незаконная охота с применением взрывчатых устройств или иных средств массового уничтожения животных, авиа-, авто-, мототранспортных средств, в том числе снегоходной техники, либо маломерных судов –

наказывается штрафом в размере до ста шестидесяти месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до ста шестидесяти часов, либо арестом на срок до сорока суток, либо выдворением за пределы Республики Казахстан иностранца или лица без гражданства сроком на пять лет, с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до двух лет с конфискацией имущества.

2. Незаконная охота, предусмотренная частью первой настоящей статьи, совершенная неоднократно, –

наказывается штрафом в размере до двухсот месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до двухсот часов, либо арестом на срок до пятидесяти суток, либо выдворением за пределы Республики Казахстан иностранца или лица без гражданства сроком на пять лет, с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до двух лет, с конфискацией имущества.

3. Незаконная охота, предусмотренная частями первой и второй настоящей статьи, совершенная:

1) группой лиц, группой лиц по предварительному сговору;

2) на особо охраняемых природных территориях или территориях с чрезвычайной экологической ситуацией;

3) в отношении редких и находящихся под угрозой исчезновения видов животных, а также животных, на которых введен запрет на пользование;

4) лицом с использованием своего служебного положения;

5) с причинением крупного ущерба, –

наказывается штрафом в размере до пяти тысяч месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до одной тысячи двухсот часов, либо ограничением свободы на срок до пяти лет, либо лишением свободы на тот же срок, с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до трех лет, с конфискацией имущества.

4. Незаконная охота, предусмотренная частями первой, второй или третьей настоящей статьи, совершенная:

1) преступной группой;

2) с причинением особо крупного ущерба, –

наказывается лишением свободы на срок от трех до семи лет с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до пяти лет, с конфискацией имущества.».

*По пункту 5 сравнительной таблицы.*

Поправка в статью 339 УК в части ужесточения ответственности за незаконное обращение с редкими и находящимися под угрозой исчезновения, а также запрещенными к пользованию видами растений или животных, их частями или дериватами, частично поддерживается с изложением статьи в следующей редакции:

«Статья 339. Незаконное обращение с редкими и находящимися под угрозой исчезновения, а также запрещенными к пользованию видами растений или животных, их частями или дериватами

1. Незаконные добывание, приобретение, хранение, сбыт, ввоз, вывоз, пересылка, перевозка или уничтожение редких и находящихся под угрозой исчезновения видов растений или животных, их частей или дериватов, а также растений или животных, на которых введен запрет на пользование, их частей или дериватов, а равно уничтожение мест их обитания –

наказываются штрафом в размере до трех тысяч месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до восьмисот часов, либо ограничением свободы на срок до трех лет, либо лишением свободы на тот же срок, с конфискацией имущества.

*По пункту 6 сравнительной таблицы.*

Поправка в статью 340 УК в части ужесточения ответственности за незаконную порубку, уничтожение или повреждение деревьев и кустарников частично поддерживается с изложением статьи в следующей редакции:

«Статья 340. Незаконная порубка, уничтожение или повреждение деревьев и кустарников

1. Незаконная порубка, уничтожение или повреждение деревьев и кустарников, не входящих в лесной фонд и запрещенных к порубке, кроме деревьев и кустарников на приусадебных, дачных и садовых участках, а равно уничтожение или повреждение лесных культур, сеянцев либо саженцев в лесных питомниках и на плантациях, а также молодняков естественного происхождения, подроста, либо самосев на площадях, предназначенных для воспроизводства лесов и лесоразведения, с причинением значительного ущерба –

наказываются штрафом в размере до ста двадцати месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до ста двадцати часов, либо арестом на срок до тридцати суток, либо выдворением за пределы Республики Казахстан иностранца или лица без гражданства сроком на пять лет с конфискацией имущества.

2. Незаконная порубка, уничтожение или повреждение деревьев и кустарников, входящих в лесной фонд, с причинением значительного ущерба –

наказываются штрафом в размере до ста шестидесяти месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до ста шестидесяти часов, либо арестом на срок до сорока суток, либо выдворением за пределы Республики Казахстан иностранца или лица без гражданства сроком на пять лет с конфискацией имущества.

3. Деяния, предусмотренные частями первой или второй настоящей статьи, совершенные:

1) неоднократно;

2) лицом с использованием своего служебного положения;

3) с причинением крупного ущерба;

4) на особо охраняемых природных территориях, –

наказываются штрафом в размере до двухсот месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до двухсот часов, либо арестом на срок до пятидесяти суток, либо выдворением за пределы Республики Казахстан иностранца или лица без гражданства сроком на пять лет, с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до трех лет или без такового с конфискацией имущества.

4. Деяния, предусмотренные частями первой, второй или третьей настоящей статьи, совершенные преступной группой, –

наказываются лишением свободы на срок от двух до пяти лет, с конфискацией имущества.».

*По пункту 7 сравнительной таблицы.*

Поправка в статью 341 УК в части ужесточения ответственности за уничтожение или повреждение лесов частично поддерживается с изложением статьи в следующей редакции:

«Статья 341. Уничтожение или повреждение лесов

1. Уничтожение или повреждение деревьев и кустарников как входящих, так и не входящих в лесной фонд, кроме деревьев и кустарников на приусадебных, дачных и садовых участках, в результате неосторожного обращения с огнем или иным источником повышенной опасности, если это деяние причинило крупный ущерб, –

наказывается штрафом в размере до двух тысяч месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до шестисот часов, либо ограничением свободы на срок до двух лет, либо лишением свободы на тот же срок, с конфискацией имущества.

2. Умышленное уничтожение или повреждение деревьев и кустарников как входящих, так и не входящих в лесной фонд, кроме деревьев и кустарников

на приусадебных, дачных и садовых участках, совершенное путем поджога или иным общеопасным способом либо в результате загрязнения вредными веществами, отходами, выбросами или отбросами, –

наказывается лишением свободы на срок от трех до восьми лет, с конфискацией имущества.».

*По пункту 8 сравнительной таблицы.*

Поправка в статью 342 УК в части ужесточения ответственности за нарушение режима особо охраняемых природных территорий частично поддерживается с изложением статьи в следующей редакции:

«Статья 342. Нарушение режима особо охраняемых природных территорий

1. Нарушение режима особо охраняемых природных территорий, повлекшее причинение значительного ущерба, –

наказывается штрафом в размере до ста двадцати месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до ста двадцати часов, либо арестом сроком до тридцати суток, с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до трех лет или без такового, с конфискацией имущества.

2. Умышленное повреждение или уничтожение объектов государственного природно-заповедного фонда на особо охраняемых природных территориях, повлекшее причинение значительного ущерба, –

наказывается штрафом в размере до трех тысяч месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до восьмисот часов, либо ограничением свободы на срок до трех лет, либо лишением свободы на тот же срок, либо выдворением за пределы Республики Казахстан иностранца или лица без гражданства сроком на пять лет, с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до трех лет или без такового, с конфискацией имущества.».

В связи с внесением изменений и дополнений в диспозиции и санкции статей 335, 337 и 339 УК необходимо внести соответствующие изменения и дополнения в статью 3 УК и статьи 187 и 191 УПК:

– в подпункте 3) статьи 3 УК слова «324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333, 334, 337 и 343 – стоимостное выражение затрат, необходимых для восстановления окружающей среды и потребительских свойств природных ресурсов, в размере, превышающем двадцать тысяч месячных расчетных показателей;» заменить словами «324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333, 334, 335, 337, 339 (часть третья) и 343 – стоимостное выражение затрат, необходимых для восстановления окружающей среды и потребительских свойств природных ресурсов, в размере, превышающем двадцать тысяч месячных расчетных показателей;»;

– в подпункте 38) статьи 3 УК слова «324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333, 334, 335, 337, 338, 340, 341 и 343 – стоимостное выражение затрат, необходимых для восстановления окружающей среды и потребительских свойств природных ресурсов, в размере, превышающем одну тысячу месячных расчетных показателей;» заменить словами «324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333, 334, 335, 337, 338, 339 (часть вторая), 340 (часть третья), 341 и 343 – стоимостное выражение затрат, необходимых для восстановления окружающей среды и потребительских свойств природных ресурсов, в размере, превышающем одну тысячу месячных расчетных показателей;»;

– в части второй статьи 187 УПК слова «335 (частями третьей и четвертой), 337 (частями четвертой и пятой), 338, 340 (частью четвертой)» заменить словами «335 (частями второй, третьей, четвертой и пятой), 337 (частями второй, третьей и четвертой), 338, 339, 340 (частями третьей и четвертой);»;

– в части второй статьи 191 УПК слова «337 (частью третьей), 339» исключить;

– в части шестнадцатой статьи 191 УПК слова «335 (частями первой и второй)» заменить словами «335 (частью первой)»;

– в части двадцать третьей статьи 191 УПК после слов «337 (частями первой и второй),» дополнить словами «340 (частями первой и второй),».

*По пунктам 1, 2, 3 и 4 сравнительной таблицы №2.*

Поправки в Закон «О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий», предусматривающие включение компетенции уполномоченного органа в области развития агропромышленного комплекса и местных исполнительных органов в части субсидирования купонного вознаграждения по облигационным займам, а также в статью 2 законопроекта, в том числе и в части распространения нормы по субсидированию купонного вознаграждения на облигации, выпущенные АО «НУХ «КазАгро» до даты введения в действие Закона, поддерживаются.

Дополнительные затраты государственного бюджета по данным поправкам поддержаны в соответствии с решением Республиканской бюджетной комиссии №2 от 12 февраля 2019 года.

На основании изложенного, полагаем возможным дальнейшее рассмотрение законопроекта в Мажилисе Парламента с учетом настоящего заключения Правительства Республики Казахстан.

**Премьер-Министр**
**Республики Казахстан** **А. Мамин**

Исп.: Сарсенбаев Е.К.
Тел.: 750027